

ӘОЖ 13.17.65

**КОРЕЯ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТУРИЗМНІҢ ОРНЫ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ
ЖАҒДАЙЫ**

Сайлаубекова Мөлдір Бейсембекқызы

s1moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Халықаралық қатынастар факультеті,

«Шығыстану» мамандығының 4 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к. Құрманғали Г. Қ.

Оңтүстік Корея өзінің әдемі, қайталанбас табиғаты, ежелгі тарихы бар сәулет өнерінің мәдени ескерткіштерімен ерекшеленеді және адамға тамаша демалыс сыйлап, ұмытылмас әсер қалдырады. Бұл ел түбекте орналасқан, төрт климаттық маусымға бөлінген, әдемі таулар, аңғарлар, өзендер, теңіздермен қоршалған. Көздің жауын алатын таңғаларлық көрікті жерлермен қоса, Оңтүстік Кореяда көптеген көне ғибадатханалар мен храмдар, король сарайлары, мүсіндік ескерткіштер, көне сәулет өнерінің ескерткіштері, бекіністер, фольклорлық ауылдар мен мұражайлар өте көп.

Корея Республикасында туризм өткен ғасырдың 80-шы жылдарының аяғында ерекше қарқынмен дами бастады. Жыл сайын миллиондаған адам сыртқа шығып, миллиондаған

туристер Кореяға келеді. Оңтүстік Кореяда туризмнің инфрақұрылымдары жоғары деңгейде дамыған. Шет елдерге шығатын оңтүстік корейлықтардың сапарларының аумағы мен көлемін арттыру, сонымен қатар, елге шетелдік туристерді тарту ісі корей үкіметі тарапынан елді әлемдік қауымдастыққа, одан әрі интеграциялау үрдісіндегі атқарып отырған жұмысындағы басты бағыт болып қала бермек.

Оңтүстік Корея туризмінің тарихы терең. Оның дамуының ерте кезеңі Силла мемлекетінің (б.з.б. 57 – б.з.935 жылдар) заманына жатады. Бұл кезеңде ақсүйектерге арналған білім беру сапарлары (оқыту, тәрбиелеу және білім беру мақсатында арнайы таңдап алынған 14-15 жас аралығындағы жас хваран топтарын оқыту), басқарушы, лауазымды тұлғалардың инспекциялармен бірге өңірлерге сапарлары арқылы жүзеге асып отырды. Емтихандарды тапсыру, шіркеу іс-шаралары үшін де мемлекеттің территориясы арқылы өту керек болды. Бұл жеке, саяси, дипломатиялық және әскери мақсаттармен жекелеген класс өкілдерінің арнайы сапарлары ретінде сипаттала алатын кішігірім жеке сапарлар болды.

Корё мемлекетінің соңғы дәуірі (XIII-XIV ғғ.) мен Чосон мемлекетінің ерте кезеңінде (XIV-XV ғғ.) көрші Қытай мен Жапонияға сапар шегушілердің санының артуымен сыртқа шығуға мүмкіндік беретін көшпелі туризмінің концепциясы пайда болды. Корё мемлекеті билік құрған соңғы кезеңдерде Қытайға саяхат жасаған ғалымдар мен дінбасылар «саяхат жазбаларын» жаза бастады.

Чосон дәуірінің ерте кезеңінде өмір сүрген ғалымы Со Го Чжон өзінің «Сагачжип» кітабында «туризм» сөзінің мағынасын «басқа елдердің дүниесіне қарау» деп түсіндіреді [1]. Бұл тұжырымдаманың мазмұнына басқа елдің немесе аймақтың табиғаты, мәдениеті және әдет-ғұрпымен танысу да кіреді. Осыған қарап Оңтүстік Кореяның сыртқы туризм концепциясы Корё мемлекетінің соңы және Чосон дәуірінің ерте кезеңінде, яғни шамамен 600 жыл бұрын пайда болған деген қорытынды жасауға болады.

Провинциялар тұрғындары үшін Сеулге бару өте сирек болғаны сонша, тіпті «Сеулге бару» деген бейнелі сөз тіркесі пайда болды. Императордың сарайы орналасқан Хансон қаласы (Сеул қаласының Чосон кезіндегі атауы) Чосон мемлекетінің азаматтары баратын сүйікті орынға айналды. Дестинацияның танымал болып табылған жерлері дерматологиялық ауруларды немесе артритті емдеуге бағытталған медициналық туризм саласына жатты.

Кореядағы ежелгі кезеңдегі туризмнің тағы бір түрі - рухани өзін-өзі жетілдіру үшін жасалған таулы жерлердегі серуендерді де атап өтуге болады. Конфуцийлік құндылықтар жүйесіне сәйкес, олар елдегі әдемі жерлерді тануға және жан тыныштығына жетуге бағытталған болатын. Чосон мемлекеті кезеңіндегі ғалымдар тауларда рухани құлшылықпен айналысып, өлеңдер жазатын болған. «Сирхак» қозғалысының қолдаушылары осындай сапар кезінде тек туған жерінің сұлулығымен тамсанып қана қоймай, сондай-ақ ғылым мен мәдениеттің дамуына үлес қосқан Корея туралы туындылар жасау үшін материал жинаған. Мұнда тарихи география еңбектерінің авторы, пейзаждардың шебері Нам Ке Уды атап өту керек [2].

Чосон дәуірінде конфуцишілдік өзінің ең биік шыңына жеткенде, Қытайға шығатын сыртқы туризм дами бастады. Алайда, осы кезеңде елден тыс жерлерге шығатын адамдар сирек кездескен болатын. Қытайға немесе Жапонияға бару мүмкіндігіне тек қана сыртқы саудамен айналысатын саудагерлер, дипломаттар мен аудармашылар ғана ие болған. Елдің танымал жерлеріне саяхат жасау Корея Жапонияның аннексиясында болған кезінде және тәуелсіздік алғаннан кейін де тек кейбір аз мөлшердегі азаматтардың артықшылықтары болып қала берді. Туризмнің осы саласының шектеулілігі негізінен экономикалық себептерге байланысты болды, бірақ тағы негізгі факторлардың бірі ретінде көлік құралдарының аз болуын айтуға болады. Чосон дәуірінде көлік ретінде аттар мен зембілдерді пайдаланған, бірақ оларды қоғамның тек таңдалған, кейбір адамдары ғана қолдана алады [1].

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін, 1961 жылы туристерді шетелден тарту үшін үкімет демалыс, ойын-сауық және қалада тұруға арналған мүмкіндіктер ретінде ірі туристік

кешендерді сала бастады. 1975 жылдың сәуірінде Корея үкіметі туристік кешендердің құрылысын қолдау туралы заң шығарады.

Елдегі туризм индустриясының дамуына ықпал еткен ең маңызды оқиға Сеулде өткен 1988 жылғы XXIV Жазғы Олимпиада ойындары болды. Кореяға 200 миллион шетелдік турист келді [3]. 2002 жылы футболдан әлем чемпионаты кезінде 139 600 турист Кореяға аяғын басты [4]. Бұл Корея тарихындағы туризмнің кең ауқымды көлемде ұйымдастырылу кезеңі саналады.


Туризм орта топ пен қарапайым халықты қоса алғанда барлық әлеуметтік топтардың азаматтарының бос уақытын пайдалану, олардың қызметін кеңінен насихаттау арқылы үлкен әлеуметтік феноменға айналды. Қоғамдық ұйымдар мен мемлекет белсенділерінің көмегі арқасында, компаниялар табысқа жетуге тырысты. Сонымен қатар ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етіп, туризм саласында коммерциялық және қоғамдық компоненттерді біріктірді.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында Кореяның экономикасы күрт өзгерді. Шығармашылық, креативті экономиканың уақыты келді. Осы кезеңде әлем мәдени, яғни мәдениет арқылы территорияны кеңейту үшін қарқынды бәсекелестікке қол жеткізді.

Оңтүстік Кореяның шекарасын 1960 жылы 48 елден келген бар-жоғы 8675 шетелдік ғана кесіп өтсе, ал, 1978 жылы олардың саны 1 млн адамнан асып жығылды. 2006 жылы Корея Республикасында әлемнің 196 елінің 6 241 256 азаматы болды, яғни, бұл 1960 жылғыдан қарағанда 719 есе көп дегенді білдіреді. Соңғы онжылдықта Оңтүстік Кореяға туристік сапармен келетін шетелдіктердің саны тұрақты түрде өсіп келеді. Туристер ағынының ұлғаюы 1986 жылы Кореяда өткен Азия ойындары және Сеулдегі 1988 жылғы Олимпиада ойындары кезінде ерекше байқалды. Тіпті 1998 жылы Оңтүстік Кореяда орын алған қаржы валюта дағдарысы уақытында да сырттан келетін туристердің қарқыны толастамады. Оның себебі, оңтүстіккореялық вонның долларға қатысты құны қатты төмендегендіктен, шетелден келетін туристерге бағасы өте ыңғайлы болған еді [5].

1980 жылдардың аяғына дейін тек бай бизнесмендер мен жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер шетелге сапарға шыға алды. Олардың сапарын шартты түрде ғана туризм деп атауға болатын еді. 1962 жылы тек қана 10 242 кәріс елден сыртқа шыққан. 1973 жылы шетелдерде болған кәрістердің саны бірінші рет жүз мыңнан асып жығылды. Дегенмен, ол кезде де бұл адамдарды туристердің қатарына жатқызу ағаттық болар еді. Сол замандарда кәріс фирмалары Таяу Шығыста жән Оңтүстік-Шығыс Азияда үлкен көлемдегі құрылыс жобаларына қатысып жатқандықтан кәрістердің көбі құрылыс алаңдарында жұмыс істеу үшін шекара асатын.

1999 жылы туристік мақсатпен елден сыртқа 1,4 миллион адам шықты. Елдің географиялық жағдайы Жапонияға, Қытайға, Америка Құрама Штаттарына, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне саяхаттауға ыңғайлы болды. Қытай кәріс туристерінің ең көп баратын жеріне айналды. Одан кейінгі орындарды Жапония мен АҚШ бөлісті. Шетелге демалу үшін аттанатын кәрістердің саны 2005 жылы бірінші рет 10 миллионнан асты. Азия-Тынық мұхит аймағының туристік Қауымдастығының мәліметтеріне қарағанда (PATA) сыртқы туристік ағым өткен жылғымен салыстырғанда 14,2 пайызға артқан. Әсіресе, ел тұрғындарына ең танымал шетелдік бағыт – Қытай, Жапония және АҚШ-қа деген сұраныс бірден жоғарылаған. Тек, екі айлық шілде-тамыз еңбек демалыс кезеңдерінде шетелге 1 млн кәріс туристер кеткен екен. Ал қазіргі таңда олардың саны ай сайын 10, 14 миллионға дейін барады. Оны төмендегі 2017-2018 жылғы статистикасынан байқауға болады [6].



Қорытындылай келе, Корея Республикасында туризм өте қарқынды дамып жатыр деп айта аламыз. 1961 жылмен салыстырғанда Оңтүстік Кореяға келушілердің саны 120 есе артқан. Бұл нәтижеге қол жеткізу барысында Корея үкіметі туристерді тарту үшін сан алуан жұмылдыру жұмыстарын жасап жатыр. Әсіресе, туризмді дамыту үшін мәдени құндылықтарды басты орынға қояды. Мәдениет арқылы, соның ішінде кино, драма, музыка, к-поп арқылы туризм саласының аясын кеңейтіп отыр. Бүгінгі таңда туризм мемлекет экономикасын дамыту саясатының бір бөлшегі саналады. Соның арқасында Корея Республикасы қазіргі таңда танымал, адамдар көп баратын мекенге айналып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 반만년 대한민국의 가치를 높인 관광진흥 반세기 (Полвека туризма подняло ценность Республики Корея) [Электронды ресурс]. URL: http://tong.visitkorea.or.kr/ktobiz/upload/public/50th/KTO_50th_16-113.pdf
2. Идейное течение «сирхак» [Электронды ресурс]. URL: <http://historic.ru/books/item/f00/s00/z0000036/st384.shtml>
3. 조배행. 88 서울 올림픽의 관광에 대한 연구. 서울, 1999. 88 с. (Чон бэ хен. Исследование влияния Олимпийских игр 1988 г. на развитие туризма. Сеул, 1999. 88 с.).
4. 강인호. 2002 한일월드컵과 스포츠관광 // 啓明大學校産業經營研究所 – 2002. 제 37 권 제 1 호. С. 357-373 (Кан Ин Хо. Корея – Япония: Чемпионат мира по футболу 2002 г. и спортивный туризм // Республика Корея. 2002. Т. 3. № 1. С. 357-373).
5. Ким, Г.Н. Корея Республикасы. – Алматы, 2016. – 272 бет.
6. View South Korea's Visitor Arrivals from Jan 1975 to Jun 2018 in the chart [Электронды ресурс]. URL: <https://www.ceicdata.com/en/indicator/korea/visitor-arrivals>